

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/KTCC2255>

***Ж. Нұрсұлтанқызы¹, Г. Ж. Снасапова²,
А. Ө. Байдаулетова³**

^{1,2,3}Қызылорда «Болашақ» университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

¹ORCID <https://orcid.org/0000-0002-1862-1062>

²ORCID <https://orcid.org/0009-0002-9477-8771>

³ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8442-362X>

*e-mail zhaznur@mail.ru

САН ЕСІМДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР: КИЕЛІ САНДАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Бұл мақалада қазақ тіліндегі киелі сандардың фразеологиялық тіркестердегі мағынасы мен қолданылуы зерттелген. Қазақ халқының дүниетанымында, салт-дәстүрлерінде және наным-сенімдерінде сандар ерекше орын алады. Мақалада «бір», «үш», «жесті», «тоғыз», «қырық» сандарының фразеологиялық тіркестерде қолданылуы және олардың символикалық мәні талданады. Әсіресе, киелі сандардың этнографиялық, мәдени және діни аспектілері кеңінен қарастырылған. Зерттеуде әр санның тілдік, мәдени және философиялық мәндері айқындалып, олардың әртүрлі фразеологизмдердегі көріністері талданады. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің қалыптасуына тарихи, әлеуметтік және мәдени жағдайлар әсер еткенін көрсететін бұл зерттеу сан есімдердің ұлттық мәдениет пен дүниетаныммен байланысты терең мағыналарын ашады. Сонымен қатар, мақаланың нәтижелері қазақ тіл білімінде сан есімдер мен фразеологизмдер саласында жаңа зерттеу бағыттарын ұсынуға мүмкіндік береді. Қазақ тіл білімінде тұрақты тіркестер ерекше орын алады. Фразеологизмдер лексикалық, этимологиялық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық және когнитивтік тұрғыдан зерттелуде. Алайда бұл салада әлі де көптеген зерттеу жұмыстарын қажет ететін мәселелер бар, соның ішінде сан есімдердің тұрақты тіркестер құрамындағы мағыналық, стилистикалық және грамматикалық ерекшеліктерін анықтау. Тақырыбымыздың өзектілігі де осы зерттеу жұмыстарын

ғылыми тұрғыдан жүргізудің қажеттілігін көрсетеді. Сан есімді тұрақты тіркестердің құрылымы мен мағынасын анықтап, оларды этимологиялық тұрғыдан талдау арқылы қазақ тіліндегі фразеологиялық жүйені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: тұрақты тіркес, киелі сандар, этимология, дүниетаным, болмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық-мәдени ерекшелік.

Кіріспе

Қазақ халқының мәдениетінде сандар ерекше орын алады. Өзін қоршаған ортаға деген қарым-қатынас, дүниетаным және наным-сенімдер сандар арқылы көрініс тапты. Сандар ғасырлар бойы халықтың тұрмыс-тіршілігінде және салт-дәстүрлерінде маңызды орын алып, олардың мағынасы мен мәні ғасырлар өткен сайын жаңарып, байып, жаңа қырынан қалыптасты. Сандар негізінде пайда болған фразеологиялық тіркестер халықтың ұлттық ерекшеліктерін, болмысын және тұрмыс-тіршілігін білдіреді.

Сандарға қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарында С. Г. Кляшторный, С. Е. Малов, В. В. Бартольд, В. А. Горделевский, Н. Поппе, Ф. Розенберг және Л. Н. Гумилевтің еңбектері маңызды орын алады. Олар түркі халықтарының күнтізбе жүргізу дәстүрі, салық салу, сауда жүргізу және сандармен топтау әдістеріне өз зерттеулерін жүргізіп, терең талдау жасаған. Мысалы, В. А. Горделевский түркі тілдеріндегі сан атауларының тарихи дамуын, олардың грамматикалық құрылымындағы өзгерістерді зерттеді. Ол кейбір сан атауларының түркі тілдерінде әртүрлі мағынада қолданылуын түсіндіруге бағытталған тарихи-салыстырмалы талдау жүргізді. Н. Поппе мен И. Зенга түркі тілдеріндегі сан атауларының лексикалық және морфологиялық құрылымдарын салыстырды, олардың шығу тегі мен даму жолдарын анықтауға тырысты. Ф. Розенберг пен Г. Рамстед түркі тілдеріндегі сан атауларын әр қырынан зерттеп, олардың халықтар арасындағы мәдени алмасулар мен тарихи байланыстарға негізделгенін көрсетті. Ал В. Бартольд пен В. Радлов түркі тілдерінің ортақ тарихы мен мәдениетіне негізделген сан атауларын салыстырып, символикалық және әлеуметтік мәнін ашты. Сондықтан бұл этнограф ғалымдардың еңбектері құнды ақпарат көзі болып табылады.

Отандық зерттеушілер арасында сандарды зерттеу көбінесе лингвистер мен филологтардың назарында болған. Қазақ тіл білімінде де сан атауларының зерттелуі терең және көпқырлы болды. І. Кеңесбаев, Ә. Хасенов, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Н. Уәлиұлы, А. Елешев, Қ. Ғабитханұлы, Қ. Дүсіпбаева, Ж. Курмамбаева сияқты ғалымдар қазақ тіліндегі сан

атауларын түрлі қырынан зерттеп, олардың грамматикалық, лексикалық және семантикалық ерекшеліктерін анықтады.

Сандардың рәміздік қасиеттеріне алғаш рет көңіл бөлген ғалым ретінде І. Кеңесбаевты атап өтуге болады, оның фразеологиялық сөздігінде сандарға берген сипаттамалары қарастырылған [1]. Қазақ тіл білімінде Қ. Дүсіпбаева қазақ тіліндегі сандарды жұп және тақ ұғымдарға бөліп қарастырса [2], С. Қасымова сан компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық сипатын [3], В. Н. Топоров сан атаулының символдық мәнін [4], Қ. Күркебаев сан ұғымдарының халықтық өлшем атауларындағы мәдени ерекшелігін зерттеген [5].

Сандардың қасиеті туралы І. Кеңесбаев: «Түркі халықтарында жеті саны – тілге терең тамырын жіберген киелі, қасиетті сан. Бұл сан тек түркі халықтарында ғана емес, маньчжур, монғол, араб, қытай және үнді халықтарының мәліметтерінде де кездеседі. Мұндай ортақтық тарихи мәдени ауыс түйістен туындаған болуы керек», - деген тұжырым жасайды [1, 39-б.].

Түркі тілдеріндегі сан атауларының тарихи-салыстырмалы зерттеулері мен қазақ тіл біліміндегі оларды әртүрлі қырынан қарастыру сандардың тек сандық мәнінен әлдеқайда терең мағыналарды білдіретінін көрсетеді. Бұл зерттеулер сан атауларының тілдік, мәдени және дүниетанымдық аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың еңбектері сандардың тұрақты тіркестердегі, мақал-мәтелдердегі рөлін ашып, олардың қазақ халқының рухани дүниетанымымен байланысты екенін дәлелдейді.

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеудің материалы ретінде қазақ тіліндегі сан есімдер мен тұрақты тіркестердің лексикалық және фразеологиялық құрамдары пайдаланылды. Зерттеу жұмысы қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымында маңызды орын алатын сандарды (бір, үш, жеті, тоғыз, қырық) талдауға негізделген. Әр санның мәдени, тілдік және философиялық мәндері анықталды. Зерттеу жұмысында негізінен этимологиялық талдау әдістері, тарихи-салыстырмалы, синхронды және диахронды, сипаттау, жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар сан есімді тұрақты тіркестер туыс түркі тілдері деректерімен салыстырылды.

Нәтижелер және талқылау

Сандар халықтың күнделікті өмірінде маңызды рөл атқарды. Әсіресе, қазақ халқында сандардың белгілі бір символикалық маңызы бар. Мысалы, бір, үш, жеті, тоғыз, қырық сандары кеңінен қолданылып, әртүрлі мағыналарда жиі кездеседі. Бұл сандардың тек есептік мәні ғана емес, сондай-ақ олар белгілі бір идеологиялық, мәдени, философиялық мағыналарға ие. Осы тұрғыдан алғанда, «бір» санын арнайы зерттеу маңызды. Бұл сан тілде бірлік, тұтастық, күш және діни мәнде ерекше орын алған. Қазақ тіліндегі

«бір» сөзі көптеген түркі тілдерінде ұқсас түрлерде кездеседі. Мысалы, татар мен башқұрт тілдеріндегі «бәр», түрік тіліндегі «бир», хакас тіліндегі «пәр» және чуваш тіліндегі «пәрре» сөздері дәл осындай мағынада қолданылады. Бұл сөздердің бір-біріне ұқсастығы түркі тілдерінің ішкі байланысын және олардың даму тарихын көрсетеді. Алайда, «бір» сөзінің этимологиясы әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Чуваш тілінің маманы Л. С. Левитская «бир» мен «пәр» сөздерінің басқа алтай тілдерінен дәлелді параллелдер таппағанын атап өтеді. Бұл мәселе түркі тілдерінің ішкі тарихы мен дамуы жөніндегі зерттеулерде өзекті болып отыр. Г. Рамстедттің түркі тілдері мен монғол тілдері арасындағы туыстық қатынастар туралы пікірі «бір» және «бәрі» сөздерінің этимологиялық бірлігін көрсетеді. Оның айтуынша, түрікше «бір» сөзі мен монғол тіліндегі «бүрі», «бәрі» сөздері бір түбірден шыққан. Осылайша, «бір» және «бәрі» сөздерінің бір сөзден шыққандығы белгілі болады.

Сан есімдер халқымыздың рухани әлемін, дүниеге деген көзқарасын бейнелейді. Әсіресе, «бір» сөзі мен оның фразеологиялық тіркестердегі мағынасы ұлттық құндылықтар, сенімдермен тығыз байланысты. Қазақ тілінде «бір» сөзі көп жағдайда бірлікті, тұтастықты және Аллаға сенімді білдіреді. Мысалы, «*Бір Аллаға тәуекел*» немесе «*Бір құдайдан тілерім*» деген тұрақты тіркестер қазақ халқының дінге деген сенімін, бірлікке деген ұмтылысын көрсетеді. Осы тіркестерде «бір» сөзі тек сан есім емес, діни мәнге ие, бұл оның киелі сан ретінде қарастырылуына себеп болады.

Қазақ тілінде киелі сандардың қатарына жиі бір, үш, жеті, тоғыз, қырық сандары жатқызылып келеді. Біз мақаламызда осы киелі сандарды зерттеу нысанымызға аламыз. Академик І. Кеңесбаев, Н. Уәлиев, Р. Авакова және Г. Смағұлова осы сандардың тұрақты тіркестерде арнайы мағынада қолданылатынын атап өтеді. Осы қатарға «бір» санын қосу өте орынды, себебі ол қазақ халқының дүниетанымында, әсіресе діни ұғымдарда маңызды орын алады. Мысалы, «*Бір Аллаға тәуекел*» тіркесі адам өмірінде кез келген қиындыққа мойымау, тек Аллаға сену қажеттігін білдіреді.

Қазақтың діни тұрмысына негізделген «*Бір Аллаға тәуекел*», «*Бір құдайдың ұрғаны*» сияқты тіркестерді талдай отырып, «бір» сөзінің киелі сан ретінде қолданылатынын көруге болады. Бұл мағына қазақ халқының дүниетанымында бірлікті, тыныштықты, сабырлылықты және ішкі күшті білдіреді.

«Бір» санын киелі сан ретінде қарастыру дұрыс. Себебі қазақ халқының рухани мәдениетінде, әсіресе діни түсініктерінде «бір» сөзі бірлікті, тұтастықты, Аллаға деген сенімді білдіреді. Бұл санның фразеологиялық тіркестерде жиі қолданылуы оның мәдени және философиялық мәнін кеңейтеді.

Сандар тек арифметикалық ұғымды білдіріп қана қоймай, сол ұғымдармен байланысты терең мағыналарды, өмірлік түсініктерді көрсетеді. Қазақ тіліндегі сан есімдердің, әсіресе «үш» санының тұрақты тіркестерде қолданылуы оның көпқырлы мәнін көрсетеді. «Үш» санының тілде қалыптасқан тіркестерде әртүрлі мағынада қолданылуы, оның ұлттық дүниетанымда қандай орын алатынын аңғаруға мүмкіндік береді. Қазақ халқының дүниетанымында үш саны ерекше орын алады. Қазақ тіліндегі «үш жұрт» фразеологиялық тіркесі адамның тұрмысы мен әлеуметтік ортадағы қатынастарын, дәстүр мен салтты білдіреді. Бұл тіркесте үш жұрт ұғымы – өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Үш жұрттың бірлескен концептісі қазақ халқының туыстық, отбасылық құрылымын, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы байланысты көрсетеді. «Үш жұрт» тіркесінің негізгі мағынасы – бір адамның қоғамдағы әлеуметтік кеңістігіндегі үш маңызды құндылықты сипаттайды. Мұнда үштік жүйе өмірдің негізі болатын үш топтың бар екенін көрсетеді, ал осы үш топтың арасында тұратын адам қандай да бір мағынада толыққанды өмір сүріп, өзінің әлеуметтік міндеттерін атқара алады.

Қазақ тілінде жиі қолданылатын «*Үш қайнаса сорпасы қосылмау*» тұрақты тіркесі адам арасындағы түсініспеушілікті немесе үйлесімсіздікті білдіреді. Бұл тіркестегі «үш» саны көптік мағынада қолданылады. Мысалы, екі адам бір-бірімен түсініспеушілікте болғанда, олардың «үш қайнаса сорпасы қосылмауы» мүмкін [6, 186]. Бұл тіркестің астарында адам арасындағы байланыстың әлсіздігі немесе түйінделмеген мәселелер тұрғанын көруге болады. Яғни, үш саны мұнда белгілі бір толықтықтың, үйлесімнің жоқтығын сипаттайды. І. Кеңесбаев: «Үш сан есімімен келетін фразеологизмдер де ескі салтқа қатысты. «Ешбір ойына кіріп-шықпаған» деген мағынады үш ұйықтаса түсіне енбеген деп келеміз», - дейді [7, 265-б.]. Бұл фразеологиялық тіркестің мағынасы өмірдегі түрлі жағдайлардың түйісуіне қатысты болып келеді. Егер үш нәрсе бір-бірімен байланыспаса, онда олар бір-бірінен қашық болып қалады, олардың арасындағы үйлесім болмайды. Сол себепті бұл тіркес көптік мағынаны білдіріп, адамдар арасындағы үндестік пен үйлесімділіктің жоқтығын көрсетеді. «*Үш күндік пәни*» деген тіркес қазақ тілінде «аз уақыт», «шамалы уақыт» немесе «өте қысқа уақыт» мағынасында қолданылады. Мұнда «үш» санының мағынасы уақыттың шектеулі екенін білдіреді. Бұл тіркес адам өмірінің өткінші екенін, бәрінің уақытша екенін түсіндіреді. Әрбір нәрсе, құбылыс үш күннің ішінде өтіп кетеді деген сенімге негізделген. Қазақ халқының дүниетанымында уақыт өте тез өтетін құбылыс ретінде көрінеді. Бұл тіркесте «үш» саны уақыттың өтуін сипаттайтын белгі ретінде

қолданылады. «Үш күндік пәни» тіркесі адамдардың дүниелік тіршіліктің өткінші, уақытша екендігін еске салады.

Жеті саны жалпы сан атаулының ішінде ең көп қолданысқа ие сан болып табылады. Бұл сан әлемнің көптеген мәдениеттерінде қасиеттілік пен сәттіліктің белгісі ретінде танылған. Сонымен қатар, табиғатта да жетіге қатысты көптеген құбылыстардың кездесетіні белгілі. Түркілерде жеті санының орны ерекше, ол рәміздік мәнге ие сан ретінде басқа сандардан жоғары бағаланған. Қазақ халқы жеті санын ерекше санаған, оны тек киелі, маңызды, қасиетті дүниелермен байланыстыруға тырысқан [8, 76-б.]. Жеті саны мәдениет пен тілде кеңінен таралған және өзінің символдық мәнін қалыптастырып, көптеген фразеологиялық тіркестердің құрамында қолданылады. Бұл мақалада біз қазақ тіліндегі «жеті» санының шығу тегі, қолданылу аясы, және оның фразеологиялық тіркестердегі мағынасы туралы толығырақ қарастырамыз.

Қазақ халқының дүниетанымында «жеті» санының мәні терең және көпқырлы болып келеді. Бұл сан көптеген тұрмыстық, діни және мәдени ұғымдармен байланысты. Қазақ халқының мифологиясы мен тұрмыс-салтына байланысты «жеті» санының ерекше символикалық мәні бар. І. Кеңесбаев: «Жеті негізінде жасалған нақыл сөз, тақпақ, мақал. т.б. фразеологизмдер едәуір. Бұларда көне дәуір салт-санасының ізі сақталған», - деп, қазақтың көне салт-санасы мен дүниетанымы фразеологизмдерде көрініс табатындығын айта кетеді [6, 261-б.]. Мысалы, жеті саны қазақтың рулық жүйесінде де маңызды орын алады. Қазақтар жеті атаға дейін араласуға болмайтынын және жеті атасын білудің үлкен мәні бар екенін айтады. Бұл ұғым адамның шыққан тегін білу мен ата-бабасының тарихын сақтауды білдіреді. Жеті саны қазақ үшін әрқашан киелі сан болып есептелген, өйткені ол ұрпақ сабақтастығын, ұлттық бірлікті білдіреді. Осыған байланысты *Жеті атасынан түк көрмеген, жеті атасын білмеген ұрт, жеті атасынан қара көк сияқты тұрақты* тіркестер бар. Қазақ тіліндегі «жерден жеті қоян тапқандай» тіркесі күтпеген жерден болған қуаныш немесе бақытты жағдайды білдіреді. Бұл тіркес әдетте бірден үлкен жеңіске немесе қуанышқа кенелгенде қолданылады. Мұндағы «жеті» саны күтпеген құбылыс пен қуаныштың бір мезгілде келуін көрсетеді. «*Жеті қоян тапқандай*» тіркесі адамның эмоциялық реакциясын көрсететін, жарқын және көп мәнге ие экспрессия ретінде тілде сақталған. Қазақ халқының тілі мен мәдениетіндегі ең маңызды тұжырымдардың бірі – «*жеті ата*». Бұл ұғым қазақ халқының рулық жүйесі мен туыстық байланыстарында үлкен мәнге ие. «Жеті ата» ұғымы адамның ата-бабасын, ұрпағын білу қажеттілігін білдіреді. Жеті атаға дейін бір-біріне қыз беріп, қыз алу рұқсат етілмеген. Бұл ерте замандарда қазақтың әлеуметтік құрылымында қалыптасқан маңызды ережелердің бірі болған. «Жеті ата» ұғымы қазақ

халқының тек адам арасындағы қатынасын ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы моральдық және этикалық нормаларды да айқындайды. Қазіргі кезде бұл түсінік отбасылық, туыстық қатынастардың беріктігін, халықтың рухани дәстүрлерін сақтау үшін маңызды болып табылады. Қазақ тіліндегі «*Жеті ата жсау*» тіркесі «ежелгі дұшпан» деген мағынада қолданылады. Бұл фразеологиялық тіркес адам арасындағы ұзақ уақытқа созылған араздықты немесе қастықты сипаттайды. Мұнда «жеті ата» санының ұзақ уақытты, көп ұрпақ арасындағы жаулық немесе дұшпандықты білдіретіні байқалады. «*Жеті атасын білмеген*» тіркесі қазақ мәдениетінде өзінің тегін білмеген немесе шығу тегі туралы ақпаратқа ие емес адамды сипаттау үшін қолданылады. Бұл тұрақты тіркес өз аталарының шежіресін білмеген «кәпір», жеті атасын білмеген діннен шыққан, тексіз құл деген деген мағынаны білдіреді. Мұндағы жеті атаның мағынасы кең ауқымда, адамды өзінің шыққан тегі мен руы туралы ақпараттың жоқтығын білдіреді. Бұл тіркес адамды тексіз немесе «тексіз құл» деп сипаттайды. Бұл фразеологизмнің мағынасы қазақтың ұрпақ сабақтастығы мен ұлттық ұстанымдарға ерекше мән бергендігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі «жеті» санының фразеологиялық тіркестерде қолданылуы оның мәдени және тарихи маңыздылығын ашады. «Жеті» саны қазақ халқының дүниетанымында, әлеуметтік құрылымында, тұрмыстық қатынастарында және тіпті діни ұғымдарда маңызды орын алған. *Жеті санымен келетін жеті басты (жалмуыз, айдаһар, дәу т.б.) – ауыз әдебиетінде ғана кездесетін таңғажайып бейнелердің бірі, жеті ғалам – әлем, дүние, жеті қырдың астында – тым алыста, баруы қиын жерде, жеті қараңғы түн – тастай қараңғы түн, түн іші, беймезгіл уақыт тұрақты тіркестері «әсірелеу» мағынасында қолданылады. Ал жеті дария (жері) – алыс, қиыр шет, Жеті қабат жер астында – өте тереңде, жеті қабат тау үсті – адам аяғы әзер жететін қиын, алыс жер, жеті қырдың астында – тым алыста, баруы қиын жерде сияқты тұрақты тіркестер «өте, ең» деген мағыналарды беру үшін жиі қолданатынын көруге болады. Осы санның фразеологизмдердегі қолданылуы оның символдық мәнін және мәдени кодтарын сақтауға көмектеседі. Қазақ халқының «жеті» санына деген ерекше көзқарасы оның ұлттық санасында терең орын алғандығын көрсетеді [9]. Бұл санның қазақ тіліндегі көптеген фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерде кездесуі оның мәдениет пен тілдегі үлкен рөлін айқындайды. «Жеті санының діни фактордан халық санасында ерекше орныққанына оның тілдегі көріністері арқылы көз жеткізуге болады. Мысалы, *жеті қабат көк, жеті тамұқ, жеті қат жер* сияқты тіркестер Құраннан алынғаны дәлел» [10, 1663-б.].*

Тоғыз саны да қазақ халқының мәдениетінде маңызды орын алады. Тоғыз жолдың торабы – сан жолдың түйіскен, көп жолдың ұласып, тоғысқан жері. Бұл тіркес көбінесе адамның өмірінде қиын таңдау жасайтын, түрлі

жолдар мен мүмкіндіктер арасынан дұрыс жолды таңдауға бағытталған жағдайларды сипаттау үшін қолданылады. Тоғыз құрсақ көтеру – бұл тіркес кес қазақ халқының бала туу мен көбейтуге деген жоғары бағасын білдіреді. Тоғыз санының көптігі мен байлығын білдіретін символ ретінде жиі қолданылады. Бұл тіркесте адамның отбасы мен ұрпақ өсіруде жеткен биігін, маңыздылығын және артықшылығын көрсету үшін айтылады. Тоғыз қабат торқаның тоғы тіркесі қазақ халқының тіршіліктегі даналықты, әртүрлі қабаттардың көптігін білдіретін тіркес ретінде белгілі. Тоғыз қабат торқа – бұл заттың ерекше көптігін немесе құнды қасиетін көрсету үшін қолданылатын метафора. Ол көбінесе бір нәрсенің өте құнды әрі көп қабаттылықтың, күрделі құрылымның символы ретінде айтылады. Бұл тіркес сондай-ақ адамның көп қабатты және көп қырлы тұлғасын сипаттауда да қолданылуы мүмкін. Тоғыз қатынның толғағы қатар келді тіркесі қат-қабат шаруаға килікті, жұмысбасты болды деген мағынада қолданылады. Тоғыз жыл тоқ болса да, тобық етін тастама. Қазақ танымында тобықтың етін тастауға болмайды. Осыған байланысты тоғыз жыл тоқ болса да, тобық етін тастама деген нақыл сөз қалыптасты. Тоғыз қырлы тоқсан сырлы тіркесі өте тапқыр, өнері мол, икем-орамы ерекше ақылды кісі туралы айтылады. Тоғыз айлық жол тұрақты тіркесі қиын да ұзақ, бірақ ақырында жетістікке жететін сапарды білдіреді. Әдетте бұл тіркес сапар, ізденіс немесе өмірдің күрделі кезеңдерін сипаттау үшін қолданылады. «Түркі тілдерінде тоғыз сөзімен қалыптасқан тоғыз айып тартты (қазақ тілінде), тоққуз-тоққуз товак, тоққуз пул (өзбек тілінде), токуз улус тожоно «тоғыз елдің басшысы» (якут тілінде) тіркестері бар, бұл тіркестер сол халықтың өзіндік салтына байланысты сақталған» [11, 78-б.].

Қорыта келгенде, «тоғыз» концептісі қазақ халқының танымында өмірдің бастамасы, молшылық, көбею мәнін білдіріп, сый-құрмет, әділ жаза, құдаласу рәсімдерінің символына айналған. Бұл санның мәдени және дәстүрлі мағынасы халықтың дүниетанымында ерекше орын алады. «Тоғыз» санының жиі қолданылуы оның көп қырлы және терең мағыналарын айқындайды. Ол тек сандар қатарына жатпай, халықтың рухани өмірінде маңызды символдық мәнге ие болған.

Қазақ халқының мәдениеті әрбір санның өзіндік символикалық мәні бар, оның ішінде 40 санының да маңызы ерекше. Қазақ халқы үшін 40 саны – тарихи, мәдени және діни тұрғыдан маңызды сан. Қырық саны халықтың мифологиялық дүниетанымында киелі және қасиетті сан ретінде қабылданады. Бұл сөз тек сандық мәнді ғана білдірмей, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасуына себепші болып, адамның түрлі өмір салаларында маңызды ұғым ретінде қолданылған. Бұл сан түрлі фразеологиялық тіркестерде қолданылып, өзіне тән мағына мен терең

символикалық мазмұнды қамтиды. Қазақ халқының дүниетанымында 40 саны қасиетті және киелі сан ретінде қарастырылады. Академик І.Кеңесбаев «Қырық сан есімімен келетін фразеологизмдер де ескі сеніммен ұштасып, қазақ тілінен де орын тепкен: қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда; баланың қырқынан шығуы; өлген кісінің қырқын беру, т.б. Түркі елдерінің біразында көз тиген баланы қырық ожау, не қырық қасық сумен шомылдырды, ертегілерде қырық күн ойын, қырық күн тойын жасады, ханның қырық уәзірі болыпты, қырық күн жол жүріпті деген ФЕ-лер жиі айтылған» [7, 185-б.]. Академик І. Кеңесбаевтың пікірінде қазақ тіліндегі «қырық» сан есімімен жасалған фразеологизмдердің мәдени және дәстүрлі мәні туралы өте маңызды тұжырымдар айтылған. Ол бұл фразеологизмдердің негізінде ескі сенімдер мен дүниетанымның жататынын көрсетеді. Әсіресе, қазақ халқының тұрмыс-салты мен дүниетанымында «қырық» санының ерекше орын алатынын атап өтеді. Түркі халықтарының арасында 40 санының магиялық мәні бар. Мысалы, «қырық ожау немесе қырық қасық сумен шомылдыру» сияқты дәстүрлер балаға көз тиюге қарсы әрекет ретінде қарастырылады. Бұл сенімдерде «қырық» санының күшті, ерекше және қорғаушы қасиеттері бар деп саналған. Халық тілінде 40 санына қатысты «Қырық қабаттанып отырды» – ренжіп, кейіп, қырыстанып отыру, «Қырық құбылды» – сөзінде тұрмады, сан алуан күйге түсу, «Қырық пышақ болды» – таласып-тартысты, араздасып, ала ауыз болу т.б. тұрақты тіркестер баршылық. Тілімізде «Қырық бір шөптің басы болсаң, ақ басты қара қойдың құмалағы болсаң ақ сөйле!» деген тұрақты тіркес бар. Бұл – құмалақ ашу рәсімінде айтылатын қолданыс. Мұндағы қырық бір шөп қырық бір құмалақты меңзейді. Яғни жолаушының сапарын, аман-есендігін, немесе бір оқиға барысын не болмаса жоғалған мал-мүлікті болжау үшін құмалақшылар құмалақ салады. Бұл фраза сондайда құмалаққа сыйыну ретінде айтылады.

Қорытынды

Қазақ халқының мәдениетінде сандардың ерекше рөлі бар, олар тек арифметикалық мәннен ғана емес, терең философиялық, діни және мәдени мағыналарға да ие. Бұл зерттеуде қазақ тіліндегі сандардың әртүрлі фразеологиялық тіркестер мен тұрақты сөз тіркестеріндегі мәні мен олардың халықтың дүниетанымында қандай орын алатыны талқыланды. Әсіресе, бір, үш, жеті, тоғыз және қырық сандарының символикалық мағынасы кеңінен қарастырылып, олардың әрбірі халықтың рухани және мәдени көзқарастарымен байланысты екендігі айқындалды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ тіліндегі сандардың фразеологиялық тіркестерде қолданылуы олардың терең тарихи, мәдени және діни мағынасына негізделген. Мысалы, «бір» санының бірлік, тұтастық, Аллаға сенім сияқты ұғымдармен байланысы, «үш» санының әлеуметтік және

отбасылық құрылыммен, «жеті» санының киелілік, ұлттық бірлік пен ата-бабаны құрметтеу арқылы көрініс табуы, «тоғыз» санының молшылық пен құрметті білдіруі – осы сандардың мағынасы мен рәміздік қасиетін ашып көрсетеді. Зерттеулер барысында сандардың тілдегі мәні мен халықтық наным-сенімдер арасындағы тығыз байланысты түсінуімізге мүмкіндік беретін әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Этимологиялық талдау мен тарихи-салыстырмалы зерттеулер сан атауларының түрлі мәдениеттермен ортақ екендігін және олардың даму тарихын көрсетеді. Бұл зерттеулер қазақ халқының дүниетанымындағы сандардың рөлін ашып, олардың өмір сүру философиясындағы орнын дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі сандарды зерттеу олардың тек тілдік мағынасы ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен дүниетанымды көрсетуі тұрғысынан да маңызды. Бұл жұмыстар қазақ мәдениетінің терең әрі бай екенін, әрбір санның өз орны мен мағынасы бар екенін көрсетеді. Сандардың мағынасы арқылы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, ұлттық ерекшеліктерін, тұрмыс-тіршілігін толықтай түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, сандардың мәдени рөлі мен олардың фразеологиялық тіркестердегі орны қазақ тіл білімінде әрі қарай зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе болып қала береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Кеңесбаев, І.** Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер [Мәтін]. – Алматы, 1977. – 352-б.

2 **Дүсіпбаева, Қ. С.** Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері: Филол. ғылым. канд. диссер. : 10.02.02. [Мәтін]. – Алматы, 2001. – 136-б.

3 **Қасимова, С. С.** Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі: Филол. ғылым. канд. диссер. автореф. : 10.02.02. [Мәтін]. – Астана, 2009. – 29-б.

4 **Топоров, В. Н.** О числовых моделях в архаичных текстах [Текст] // Структура текста / Академия наук СССР; Институт славяноведения и балканистики; отв. ред. Т. В. Цивьян. – М. : Наука, 1980. – С. 3–32.

5 **Күркебаев, К. Қ.** Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғылым. канд. диссер. : 10.02.02. [Мәтін]. – Алматы, 2003. – 123-б.

6 **Kurmambayeva, Zh., Baltabayeva, Zh., Yessenova, K., Ayapova, T., Ashirova, B.** Cognitive and lingua-cultural aspects of the concept of the numerals in Kazakhstan // Opcion. – 2019. – V.35. – Issue 88. – P. 177–192.

7 **Кеңесбаев, І.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2008. – 600-б.

8 **Алшынбаева, М. А., Веселинов, Д., Картова, З. К.** Language reflections of the concept of the sacred in the kazakh worldview // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – № 2(106). – 2022. – 74–79-бб.

9 **Kulsariyeva, A., Zhumashova, Zh.** Numbers as Cultural Significant. Procedia–Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol 191. – P. 1660–1664. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.04.688>.

10 **Kulsariyeva, A. T., Zhumashov, Zh.** Time-Space Conceptualization and Numerical Ontology in Kazakh-Turkic Culture. Anthropologist. – 2015. – Vol. 19(2). – P. 557–564. <https://doi.org/10.1080/09720073.2015.11891690>

11 **Қошанова, Н. Д., Ергүбекова, Ж. С.** Қазақ тіліндегі сан есімді тұрақты тіркестердің ерекшеліктері [Мәтін] // Тілтаным. – 2022. – № 1(85). – Б. 67–81.

References

1 **Kenesbaev, I.** Qazaq til bilimi turaly zertteuler [Kazakh linguistic studies] [Text]. – Almaty, 1977. – 352 p.

2 **Dussipbayeva, Q. S.** Qazaq eskilikteriniń sandar jüyesindegi tildik körinisteri : Philol. ğylym. kand. disser. : 10.02.02 [Linguistic manifestations of numerical systems in Kazakh antiquities] [Text]. – Almaty, 2001. – 136 p.

3 **Qasymova, S. S.** San komponentti maqal-mätelderdiń ülttyq-mädeni negizi: Philol. ğylym. kand. disser. avtorefer. : 10.02.02. [The National and Cultural Basis of Number-Component Proverbs and Sayings] [Text]. – Astana, 2009. – 29 p.

4 **Toporov, V. N.** O chislovyh modelyah v arhaichnyh tekstah [Numerical models in archaic texts] [Text] // Struktura teksta / Academy of Sciences of USSR, Institute of Slavic and Balkan Studies; Ed. T. V.Tsivyan. – Moscow : Nauka, 1980. – P. 3–32.

5 **Kırkebayev, K. Q.** Qazaq tilindegi ólshemdik atawlardyń etnolingvistikalıyq sipaty : Philol. ğylym. kand. disser. : 10.02.02 [Text]. – Almaty, 2003. – 123 p.

6 **Kurmambayeva, Zh., Baltabayeva, Zh., Yessenova, K., Ayapova, T., Ashirova, B.** Cognitive and lingua-cultural aspects of the concept of the numerals in Kazakhstan // Opción. – 2019. – V.35. – Issue 88. – P. 177–192.

7 **Kenesbaev, I.** Qazaq til biliminiń мәselleri [Issues in Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty : Arys, 2008. – 600 p.

8 **Alshynbayeva, M. A., Veselinov, D., Kartova, Z. K.** Language reflections of the concept of the sacred in the Kazakh worldview // Qaraganda universitetiniń Habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2022. – № 2(106). – P. 74–79.

9 Kulsariyeva, A., Zhumashova, Zh. Numbers as cultural significant. Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol. 191. – P. 1660–1664. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.04.688>.

10 Kulsariyeva, A. T., Zhumashov, Zh. Time-space conceptualization and numerical ontology in Kazakh-Turkic culture. Anthropologist. – 2015. – Vol. 19(2). – P. 557–564. <https://doi.org/10.1080/09720073.2015.11891690>

11 Qoshanova, N. D., Yergubekova, Zh. S. Qazaq tilindegi san esimdi turaqty tirkesterdiń ereکشelikteri [Peculiarities of numeral-based stable expressions in Kazakh] [Text] // Til-tanym. – 2022. – № 1(85). – P. 67–81.

20.06.25 ж. баспаға түсті.

09.09.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Нұрсұлтанқызы¹, Г. Ж. Снасапова², А. Ө. Байдаулетова³

^{1,2,3}Кызылординский университет «Болашақ»,

Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Поступило в редакцию 20.06.25.

Поступило с исправлениями 09.09.25.

Принято в печать 25.11.25.

ЧИСЛИТЕЛЬНЫЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ: ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СЕМАНТИКА САКРАЛЬНЫХ ЧИСЕЛ

В статье исследуются значение и использование сакральных чисел в фразеологических оборотах казахского языка. В мировоззрении, обычаях и традициях казахского народа числа занимают особое место. Рассматриваются употребление чисел «один», «три», «семь», «девять», «сорок» в фразеологических оборотах и их символическое значение. Особое внимание уделяется этнографическим, культурным и религиозным аспектам этих чисел. В исследовании раскрываются языковые, культурные и философские значения каждого числа, а также их проявления в различных фразеологизмах. Рассмотрено, как исторические, социальные и культурные факторы влияли на формирование устойчивых выражений в казахском языке, что позволяет раскрыть глубокие значения числительных, связанные с национальной культурой и мировоззрением. Кроме того, результаты работы предлагают новые направления для исследований в области казахской лексикологии, фразеологии и числительных. В казахском языкознании устойчивые выражения занимают важное место.

Фразеологизмы исследуются с лексической, этимологической, морфологической, синтаксической, стилистической и когнитивной точки зрения. Однако в этой области до сих пор существует множество нерешённых вопросов, в том числе определение смысловых, стилистических и грамматических особенностей числительных в составе устойчивых выражений. Актуальность нашей темы показывает необходимость научного исследования этих вопросов. Определив структуру и значение числовых выражений, а также проведя их этимологический анализ, можно глубже понять фразеологическую систему казахского языка.

Ключевые слова: устойчивые выражения, сакральные числа, этимология, мировоззрение, быт, обычаи, народные традиции, национально-культурные особенности.

**Zh. Nursultankyzy¹, G. Zh. Snasapova², A. O. Bidauletova³*

*^{1,2,3}Kyzylorda Bolashak University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.*

Received 20.06.25.

Received in revised form 09.09.25.

Accepted for publication 25.11.25.

NUMERICAL PHRASEOLOGISMS: ETHNOCULTURAL SEMANTICS OF SACRED NUMBERS

This article explores the meaning and usage of sacred numbers in the phraseological expressions of the Kazakh language. In the worldview, customs, and traditions of the Kazakh people, numbers hold a special place. The article examines the use of the numbers «one», «three», «seven», «nine», and «forty» in phraseological expressions and their symbolic significance. Special attention is given to the ethnographic, cultural, and religious aspects of these numbers. The study reveals the linguistic, cultural, and philosophical meanings of each number, as well as their manifestation in various phraseological units. It also explores how historical, social, and cultural factors influenced the formation of fixed expressions in the Kazakh language, shedding light on the deep meanings of numerals related to national culture and worldview. Furthermore, the results of the study suggest new directions for research in the fields of Kazakh lexicology, phraseology, and numerals. In Kazakh linguistics, fixed expressions hold an important place. Phraseological units are studied from lexical, etymological, morphological, syntactic, stylistic, and cognitive

perspectives. However, there are still many unresolved issues in this area, including the determination of the semantic, stylistic, and grammatical features of numerals in fixed expressions. The relevance of our topic highlights the need for scientific research into these issues. By defining the structure and meaning of numerical expressions and conducting their etymological analysis, it is possible to gain a deeper understanding of the phraseological system of the Kazakh language.

Keywords: fixed expressions, sacred numbers, etymology, worldview, daily life, customs, folk traditions, national cultural features.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz